



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqqyqtyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqqyqtyq jýrnal №3 (70)-2022

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрепек Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Қазақстан)
Исмағұлов К.Е. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Ишекеев К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Астана, Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M. (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)

Редактор – Қолтубаева Г.Б.
Беттеуші – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
101000, Астана қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Ғылыми лингвистикалық
сараптама жүргізу заң шығару процесінің
маңызды кезеңі есебінде 13

Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА

Қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін
арттыру бойынша ұсыныстар 20

А.А. АМАНГЕЛДІ Қазақстан Республикасында
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің кейбір
аспектілерін қолдануды құқықтық талдау 27

С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Қазақстандағы Адам
құқықтары жөніндегі уәкіл институтын
жетілдіру туралы 39

З.З. НҰРЫШ, Е.И. ИСИБАЕВА Құқық
шығармашылық механизміндегі лоббизмнің
саяси бағдары 47

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Ж. КИЯЗОВА Қазақстан Республикасында
өзін-өзі реттеу институтының жұмыс істеуін
нормативтік қамтамасыз ету 58

Д.Б. РАЗИЕВА, Н.Е. ЕСЕНЖОЛОВ Еңбек
құқығындағы тәртіптік жазаларды іске асыру
тиімділігінің теориялық-құқықтық аспектілері 69

Ш.У. БУРАШОВ, И.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,
М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Жоғары кәсіптік білім беру
саласындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың
құқықтарына азаматтық-құқықтық реттеу 80

Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Д.Б. АЛШЫМБЕК
Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген ерлі-зайыптылардың және бұрынғы
ерлі-зайыптылардың мүлктік құқықтарын
қамтамасыз етуге кепілдіктер жүйесіндегі
алименттік міндеттемелердің мәні 90

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Қылмыстық
іс бойынша дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде
заңгердің ғылыми қорытындысының жіберілуі 101

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, А.К. ОРАЗБЕКОВА Адам саудасына қарсы іс-қимылды қылмыстық-құқықтық қамтамасыз ету мәселесіне	110
Г.Ж. ОСМАНОВА, А.Р. БИЖАНОВА Бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау және оның ҚР ҚК-гі жазаны жеңілдету жүйесіндегі орны	119
А.С. АХМЕТОВ, В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Құқықтық мәдениеттің мазмұнының қазіргі мәселелері.....	130
Д.Д. ЖАМПЕИСОВ, Д.Д. ЖАМПЕИСОВ Халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылық пен құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері	138
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
А.А. НУКУШЕВА, Б.Ж. АЙТИМОВ Қазақстандағы және шет елдердегі тұрмыстық қалдықтарды басқарудың құқықтық аспектілері: салыстырмалы-құқықтық талдау.....	148
С.Т. ТЛЕУБЕКОВ, С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Г. ПАЛАО МОРЕНО (Валенсия, Испания) ДСҰ шеңберіндегі дауларында Қазақстанның үшінші тарап ретінде қатысуы.....	160
А.А. НУКУШЕВА Атом энергетикасы саласындағы реттеудің халықаралық-құқықтық аспектілері.....	171
Құқықтық мониторинг	
А.Г. ҚАЗБАЕВА, К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың тиімділігін талдау	181
О.Б. ФИЛИПЕЦ Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының құқықтық табиғаты туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мониторингі.....	189
М.И. ДЯЧУК Қазақстан Республикасындағы реттеуші құмсалғыш: оны жетілдіру жолдары	196
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
А.К. МАХАМБЕТОВА Терминологияны біріздендіру қағидатының рөлі.....	205
Жас ғалым мінбері	
А.Е. АСАНОВ Қазақстан Республикасындағы жеке сот орындаушылар институтының тиімділігін қамтамасыз ету	214
К.Ю. ПРОСКУРИНА Ақша функцияларын орнатудың құқықтық нысандары: құн өлшемі, айналыс құралы, әлемдік ақшаның қызметі	225
М.К. ЖУРУНОВА ЕАЭО-дағы еңбек бостандығы қағидатын ұстанудың конституциялық кепілдігін құқыққолдану тәжірибесінде қолданудың кейбір мәселелері	235
ВАН ХЭЙОНГ Халықаралық қылмыстық соты әділетінен тыс: АСЖ&НР құру жолы.....	245
В.Б. ТАПАКОВА Адам құқықтарының ғылыми тұжырымдасын қалыптастыру мәселелері: тарихи-құқықтық аспектілері	254
«Жаршының» архивтегі беттері	
Құқық қорғау органдарының қызметі туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі заң жобалау жұмысын ғылыми қамтамасыз ету: Н.А. Сартаеваның ғылыми жарияланымдарына қайта оралғанда	263



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (70)-2022

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LLM (Астана,
Казахстан)
Исмагулов К.Е. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Ишсков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Каббаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Астана,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LLM (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменно-
горск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редактор – Колтубаева Г.Б.
Верстка – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел. 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Проведение научной
лингвистической экспертизы как важнейший
этап нормотворческого процесса..... 13

Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА
Предложения по повышению правовой
культуры казахстанского общества 20

А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Правовой анализ
применения некоторых аспектов
Административного процедурно-процессуального
кодекса в Республике Казахстан 27

С.С. КАРЖАУБАЕВ О совершенствовании
института Уполномоченного по правам человека
в Казахстане..... 39

З.З. НУРЫШ, Е.И. ИСИБАЕВА Политическая
ориентация лоббизма в механизме правотворчества..... 47

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.Ж. КИЯЗОВА Нормативное обеспечение
функционирования института саморегулирования
в Республике Казахстан 58

Д.Б. РАЗИЕВА, Н.Е. ЕСЕНЖОЛОВ Теоретико-
правовые аспекты эффективности реализации
дисциплинарных взысканий в трудовом праве 69

**Ш.У. БУРАШОВ, И.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,
М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА** Гражданско-правовое
регулирование прав потребителей образовательных
услуг в сфере высшего профессионального
образования 80

Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Д.Б. АЛШЫМБЕК
Значение алиментных обязательств в системе
гарантий обеспечения имущественных прав
супругов и бывших супругов по законодательству
Республики Казахстан 90

Уголовное право и уголовный процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Допустимость
научного заключения юриста как источника
доказательств по уголовному делу..... 101

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, А.К. ОРАЗБЕКОВА К вопросу уголовно-правового обеспечения противодействия торговле людьми	110
Г.Ж. ОСМАНОВА, А.Р. БИЖАНОВА Назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено за данное уголовное правонарушение и его место в системе смягчения наказаний по УК РК.....	119
А.С. АХМЕТОВ, В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Актуальные вопросы содержания правовой культуры.....	130
Д.Д. ЖАМПЕИСОВ, Д.Д. ЖАМПЕИСОВ Актуальные вопросы совершенствования правотворчества и правоприменения в сфере миграции населения.....	138
Международное право и сравнительное правоведение	
А.А. НУКУШЕВА, Б.Ж. АЙТИМОВ Правовые аспекты управления бытовыми отходами в Казахстане и зарубежных странах: сравнительно-правовой анализ.....	148
С.Т. ТЛЕУБЕКОВ, С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Г. ПАЛАО МОРЕНО (Валенсия, Испания) Участие Казахстана в спорах в рамках ВТО в качестве третьей стороны.....	160
А.А. НУКУШЕВА Международно-правовые аспекты регулирования в области атомной энергетики	171
Правовой мониторинг	
А.Г. КАЗБАЕВА, К.Е. ИСМАГУЛОВ Анализ законодательства о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма	181
О.Б. ФИЛИПЕЦ Мониторинг законодательства Республики Казахстан о правовой природе принудительных мер воспитательного воздействия.....	189
М.И. ДЯЧУК Регуляторная песочница в Республике Казахстан: пути совершенствования	196
Из практики законотворчества на государственном языке	
А.К. МАХАМБЕТОВА Роль принципа унификации терминологии.....	205
Трибуна молодого ученого	
А.Е. АСАНОВ Обеспечение эффективности института частных судебных исполнителей в Республике Казахстан	214
К.Ю. ПРОСКУРИНА Правовые формы установления денежных функций: мера стоимости, средство обращения, функция мировых денег.....	225
М.К. ЖУРУНОВА Некоторые вопросы применения в правоприменительной практике конституционной гарантии соблюдения принципа свободы труда в ЕАЭС.....	235
ВАН ХЭЙОНГ За пределами правосудия Международного уголовного суда: путь к созданию ACJ&HR.....	245
В.Б. ТАПАКОВА Проблемы формирования научной концепции прав человека: историко-правовые аспекты.....	254
Архивные страницы «Вестника»	
Научное обеспечение законопроектной работы по совершенствованию законодательства о деятельности правоохранительных органов: возвращаясь к научным публикациям Сартаевой Н.А.....	263



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (70)-2022

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ismagulov K.Y. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Nurmagametov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**

Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, Kabanbay-batyr ave., 19, block C, office 306, тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Conducting scientific linguistic expertise as the most important stage of the rule-making process 13

B.K. NURGAZINOV, A.N. OSPANOVA Proposals for improving the legal culture of kazakhstan society 20

A.A. AMANGELDY Legal analysis of the application of some aspects of the Administrative procedural code in the Republic of Kazakhstan 27

S.S. KARZHAUBAYEV On improving the institution of the Commissioner for human rights in Kazakhstan 39

Z.Z. NURYSH, E.I. ISIBAYEVA Political orientation of lobbying in the mechanism of law-making 47

Civil and Civil Procedure Law

A.ZH. KIYAZOVA Regulatory support of the functioning of the institute of self-regulation in the Republic of Kazakhstan 58

D.B. RAZIYEVA, N.Y. YESENZHOLOV Theoretical and legal aspects of the effectiveness of the implementation of disciplinary penalties in labor law 69

SH.U. BURASHOV, I.ZH. AZRETBERGENOVA, M.T. BEISENBAYEVA Civil law regulation of consumer rights educational services in the field of higher professional education 80

F.G. IBRAGIMOVA, D.B. ALSHYMBEK The importance of alimony obligations in the system of guarantees for the property rights of spouses and former spouses under the legislation of the Republic of Kazakhstan 90

Criminal law and Criminal procedure

A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN Admissibility of a lawyer's scientific opinion as a source of evidence on criminal case 101

B.ZH. KYZDARBEOVA, A.K. ORAZBEOVA To the question of criminal legal support of counteraction to human traffickin 110

G.ZH. OSMANOVA, A.R. BIZHANOVA The imposition of a more lenient punishment than that provided for this criminal offense and its role in the leniency system under the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.....	119
A.S. AKHMETOV, V.N. ZHAMULDINOV Topical issues of the content of legal culture	130
D.A. ZHAMPEISOV, D.A. ZHAMPEISOV Current issues of improvement of legislation and law enforcement in the sphere of population migration.....	138
International law and Comparative law	
A.A. NUKUSHEVA, B.Zh. AITIMOV Legal aspects of household waste management in Kazakhstan and foreign countries: comparative legal analysis.....	148
S. TLEUBEKOV, S. AIDARBAYEV, G. PALAO MORENO (Valencia, Spain) Participation of Kazakhstan in disputes in the framework of WTO as a third party	160
A.A. NUKUSHEVA International legal aspects of regulation in the sphere of nuclear power industry	171
Legal monitoring	
A.G. KAZBAYEVA, K.E. ISMAGULOV Analysis of the efficiency of legislation on countering the legalization (money-laundering) of proceeds from crime and the financing of terrorism	181
O.B. FILIPETS Monitoring of the legislation of the Republic of Kazakhstan on the legal nature of compulsory educational measures	189
M.I. DYACHUK Regulatory sandbox in the Republic of Kazakhstan: ways to improve it.....	196
From the lawmaking practice in the official language	
A.K. MAKHAMBETOVA The role of the principle of terminology unification	205
Young researchers' tribune	
A. ASSANOV Ensuring the efficiency of the institute of private bailiffs in the Republic of Kazakhstan	214
K.Y. PROSKURINA The legal forms of establishing monetary functions: measure of value, medium of circulation, function of world money.....	225
M.K. ZHURUNOVA Some issues of application in law enforcement practice of the constitutional guarantee of compliance with the principle of freedom of labor in the EAEU.....	235
WANG HEYONG Beyond the ICC'S justice: the road to construction of ACJ&HR.....	245
V.B. TAPAKOVA Problems of formation of the scientific concept human rights: historical and legal aspects	254
The archive pages of the «Bulletin»	
Scientific support of legislative work to improve legislation on the activities of law enforcement agencies: going back to the scientific publications of N.A. Sartayeva	263

ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОНЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА ПЕН ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Даурен Әбілтайұлы Жампеисов

«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесінің аға оқытушысы, құқық магистрі,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., e-mail: daurxxvek@bk.ru

Думан Әбілтайұлы Жампеисов¹

«Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесінің
қауымдастырылған профессоры, PhD докторы,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., e-mail: duman_d@mail.ru

Аннотация. Соңғы кезде әлемде болып жатқан әскери, санкциялық-экономикалық оқиғалар, адамдардың жаппай көші-қоны көптеген мемлекеттердің алаңдатушылығын тудырып, назарын аударуда. Осы ретте халықтың көші-қоны, заңсыз көші-қонды зерттеуге бағытталған ғылыми ізденістерге сұраныстың артуы заңды құбылыс. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасының мерзімі аяқталып, 2022-2026 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы әзірленуде. Жаңа тұжырымдаманы әзірлеуде ғылыми негіздерді ескеру міндетті шарт. Осы мақалада тақырып аясында бірқатар өзекті мәселелер қарастырылып, ұсыныстар берілді. Атап айтсақ, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша азаматтық істерді қарау кезінде арыздардың негізді, заңға сәйкес болуына ерекше назар аудару керек. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы бойынша істерді әкімшілік соттарда қарау кезінде әкімшілік жазалардың тиімділігін, заң нормасын жетілдіруді қарастыру қажет. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» 394 бабының диспозициясы мен жазаны қолдануды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Халықтың көші-қоны саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен санын азайту үшін мемлекеттік емес субъектілердің ресурстарын кеңінен қолдану, құқықтық сауатсыздықты жою, мемлекеттік жоспарлау ісінде ұсынылған шаралар қылмыстылыққа ықпал ету бойынша тиімділігін анықтау үшін ғалым криминологтарды тарту қажеттілігі негізделді. Заңсыз көші-қонды реттеу бойынша заңсыз көшіп келудің субъектісі ұғымы, заңсыз көшіп келуді болдырмау, реадмиссия, рақымшылық бойынша ұсыныстар келтіріледі.

Түйін сөздер: халықтың көші-қоны, заңсыз көші-қон, халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылықты жетілдіру, халықтың көші-қоны саласындағы құқық қолдануды жетілдіру.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА И ПРАВОПРИМЕНЕНИЯ В СФЕРЕ МИГРАЦИИ НАСЕЛЕНИЯ

Даурен Абильтяевич Жампеисов

Старший преподаватель учреждения образования
«Alikhan Bokeikhan University», магистр права,
Республика Казахстан, г. Семей, e-mail: daurxxvek@bk.ru

Думан Абильтяевич Жампеисов

Ассоциированный профессор учреждения образования
«Alikhan Bokeikhan University», доктор PhD,
Республика Казахстан, г. Семей, e-mail: duman_d@mail.ru

Аннотация. В последнее время военные, санкционно-экономические события, происходящие в мире, массовая миграция людей вызывают тревогу и привлекают внимание многих государств. При этом рост спроса на научные изыскания, направленные на изучение миграции населения, нелегальной миграции, является закономерным явлением. Кроме того, истек срок реализации Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2017-2021 годы и в настоящее время разрабатывается концепция миграционной политики на 2022-2026 годы. При разработке новой концепции обязательным условием является учет научных основ. В данной статье в рамках темы рассмотрен ряд актуальных вопросов и даны рекомендации. В частности, при рассмотрении гражданских дел по заявлениям о выдворении иностранца или лица без гражданства за пределы Республики Казахстан за нарушение законодательства Республики Казахстан следует обратить особое внимание на обоснованность, соответствие заявлений закону. При рассмотрении в административных судах дел по нарушениям иностранцем или лицом без гражданства законодательства Республики Казахстан в области миграции населения необходимо рассмотреть эффективность административных взысканий, совершенствование нормы закона. Даны рекомендации по совершенствованию диспозиции статьи 394 Уголовного кодекса Республики Казахстан «Организация незаконной миграции» и применения наказания. Обоснована необходимость привлечения ученых-криминологов для выявления эффективности мер, предложенных в государственном планировании в деле профилактики и снижения количества уголовных правонарушений в сфере миграции населения, широкого использования ресурсов негосударственных субъектов, ликвидации правовой неграмотности. Приводится понятие субъекта незаконной иммиграции по регулированию незаконной миграции, рекомендации по предотвращению незаконной иммиграции, реадмиссии, амнистии.

Ключевые слова: миграция населения, незаконная миграция, совершенствование правоприменения в сфере миграции населения, совершенствование законодательства в сфере миграции населения.

CURRENT ISSUES OF IMPROVEMENT OF LEGISLATION AND LAW ENFORCEMENT IN THE SPHERE OF POPULATION MIGRATION

Dauren Abiltaevich Zhampeisov

Senior Lecturer of the educational institution
«Alikhan Bokeikhan University», Master of Laws,
Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: daurxxvek@bk.ru

Duman Abiltaevich Zhampeisov

Associate Professor of the educational institution
«Alikhan Bokeikhan University», PhD in Law,
Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: duman_d@mail.ru

Abstract. Recently, the military, sanctions and economic events taking place in the world, the mass migration of people are alarming and attract the attention of many states. At the same time, the growth in demand for scientific research aimed at studying the migration of the population, illegal migration, is a natural phenomenon. In addition, the term for the implementation of the Concept of the Migration Policy of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 has expired and the concept of the migration policy for 2022-2026 is currently being developed. When developing a new concept, a prerequisite is to take into account the scientific foundations. In this article, within the framework of the topic, a number of topical issues are considered and recommendations are given. In particular, when considering civil cases on applications for the expulsion of a foreigner or a stateless person from the Republic of Kazakhstan for violation of the legislation of the Republic of Kazakhstan, special attention should be paid to the validity, compliance of applications with the law. When considering cases in administrative courts on violations by a foreigner or a stateless person of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of population migration, it is necessary to consider the effectiveness of administrative penalties, the improvement of the law. Recommendations are given to improve the disposition of Article 394 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan "Organization of illegal migration" and the application of punishment. The necessity of attracting criminologists to identify the effectiveness of measures proposed in state planning in the prevention and reduction of the number of criminal offenses in the field of population migration, the widespread use of resources of non-state actors, and the elimination of legal illiteracy is substantiated. The concept of the subject of illegal immigration for the regulation of illegal migration, recommendations for the prevention of illegal immigration, readmission, amnesty are given.

Keywords: population migration, illegal migration, improvement of lawmaking in the field of population migration, improvement of law enforcement in the field of population migration.

DOI: 10.52026/2788-5291_2022_70_3_138

Кіріспе

Жалпы мақсат ретінде қоғамда әлеуметтік тұрақтылық пен келісімге жетуді және нақтылы қоғамдық қатынастарға уақтылы әсер етуді көздейтін құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру маңызды мәселе. Құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсат арасындағы арақатынас түріндегі құқықтық реттеу тетігінің тиімділігін жоғарылату үшін құқық шығармашылықты, құқықты қолдануды жетілдіру және халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату бойынша біруақытты және кешенді жұмыс жүргізу қажет [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Үкімет көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауы тиіс» [2] деді.

Қазіргі уақытта қалыптасқан геосаяси жағдай көші-қон тақырыбын Қазақстан үшін өзектендіріп, сын-тегеуріндер тудыруда. 2022 жылдың 1 тоқсанында Ресейден Қазақстанға 204 947 адам келсе, дәл сол кезеңде 2021 жылы 122 330 адам келген². 2022

жылдың ақпан-сәуір айлары аралығында Украинадан 3074 адам келген³.

Мемлекет басшысының тапсырмасы мен заманауи ахуал зерттеу жұмысының өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын растай келе, әрекеттегі заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге арналған ұсынымдар әзірлеуді қолдайды.

Ғылыми пікірлер мен тәжірибелік мәліметтерге негізделген ұсынымдар халықтың көші-қоны бойынша бірнеше құқық саласында қалыптасқан өзекті мәселелерді шешуге жәрдемдеседі.

Зерттеу әдістері

Осы мақалада ең алдымен, формальды логика әдісі, жүйелі талдау әдісі, нақты тарихи әдіс, талдау, салыстыру, синтез әдістері қолданылды.

Формальды логика әдісі зерттеу барысында ғылыми нәтижелер мен қорытындыларды тұжырымдау кезінде қолданылды.

Жүйелі талдау әдісі ғылыми әдебиетте қалыптасқан халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылық пен құқық қол-

² Государственная статистика. [Электрондық ресурс]. — <https://www.fedstat.ru/indicator/38480>. Жүзіну күні: 16.06.2022.

³ Приток граждан России в Казахстан увеличился в 2 раза – КНБ. [Электрондық ресурс]. — https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pritok-grajdan-rossii-v-kazahstan-uvelichilsya-v-2-raza-knb-466872/. Жүзіну күні: 16.06.2022.

данудың өзекті мәселелерін зерделеу, оларды шешу жолдарын тұжырымдау кезінде қолданылды.

Нақты тарихи әдіс халықтың көші-қонының құқықтық өзекті мәселелеріне қатысты әртүрлі уақытта жазған ғалымдардың пікірлерін зерттеуде қолданылды.

Оған қоса зерттеу барысында тақырыпқа қатысты ғылыми пікірлер мен ресми құжаттарға талдау жасалып, салыстыру мен синтездеу әдістері арқылы зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынымдар әзірленді.

Нәтижелер және талқылау

Халықтың көші-қоны күрделі қоғамдық құбылыс болғандықтан, құқықтық реттеуде бірнеше құқық саласын қозғайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы саласында шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша азаматтық істерді қарау статистикасының соңғы үш жылдағы мәліметтерді талдау кезінде, келесідей жағдай анықталды.

2019 жылы азаматтық соттарға 529 арыз түсті. Оның ішінде 481 іс шешім шығарумен аяқталып, 189 іс бойынша арыздар қанағаттандырылмады, яғни 39,2% істер бойынша. Істерді қарау кезінде заңдылық бұзылған жағдайлары анықталып, 4 жеке ұйғарым шығарылды.

2020 жылы азаматтық соттарға 528 арыз түсті. Оның ішінде 436 іс шешім шығарумен аяқталып, 138 іс бойынша арыздар қанағаттандырылмады, яғни 31,6% істер бойынша. Істерді қарау кезінде заңдылық бұзылған жағдайлары анықталып, 5 жеке ұйғарым шығарылды.

2021 жылы азаматтық соттарға 587 арыз түсті. Оның ішінде 449 іс шешім шығарумен аяқталып, 178 іс бойынша арыздар қанағаттандырылмады, яғни 39,6% істер бойынша. Істерді қарау кезінде заңдылық бұзылған жағдайлары анықталып, 5 жеке ұйғарым шығарылды⁴.

Осы тәжірибелік мәліметтерден соттармен қанағаттандырмаған арыздардың үлесі көбейіп бара жатқанын байқаймыз. Бұның себептерінің ішінде арыздардың негізсіз не-

месе заңға қайшы болғандығын көрсетеді. Бұл адамдарды сот қызметі орбитасына негізсіз қатыстыру, сот уақытын үнемдемеу, іс жүргізу шығындарын тудыру, адамдардың құқықтарының бұзылуына әкеп соғады. Бұл үдерісті тоқтату үшін жедел іс-шаралар қабылдау керек. Оған қоса ол істерде прокурор қатысқан болса қандай құқықтық көзқараста болғанын да анықтау артық емес.

Оған қоса ішкі істер органдары «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңының 28 бабындағы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберілуі мүмкін негіздердің бірі болып табылатын «егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса»⁵ тармақшасын пайдаланып, сотқа арыздар береді. Мысалы, М.Оморбеков шетелдік азамат Атырау қаласында жерге темекі тастағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғанын алға тартып, ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығарып жіберу туралы сотқа арыз берген⁶. Осындай жағдайлар заң нормасын толық түсінбегендіктен туындайды, өйткені аталған Заңның 28 бабы императивтік норма болып табылмайды. Абырой болғанда, сот ол арызды қанағаттандырудан бас тартты. Бірақ осындай әрекеттер сот уақыты мен басқа да негізсіз сот шығындарына әкеп соғады.

Оған қоса бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген көшіп келушілерге соттың шығарып жіберу туралы шешімі орындалған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынатынын есте сақтау керек. Алайда, «егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзса» заң нормасы тым кең мағынада жазылғанын да мойындап, оны жетілдіру қажеттігін айта кету керек. Кез-келген құқық бұзушылық үшін Қазақстаннан шығарып жіберу жазасы тым ауыр және құқықтың парасаттылық пен әділеттілік қағидаларына сәйкес келмейді.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігіне қатысты өзекті мәселеге қоса, соттардың да біліктілігі жайлы айта кету қажет.

Қазақстан Республикасының Азаматтық

⁴ Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>. Жүгіну күні: 16.06.2022.

⁵ «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

⁶ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

процестік кодексінің 49-тарауындағы «Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыз бойынша іс жүргізу» ерекше іс жүргізуге жататыны белгілі. Бұл туралы судьялардың өзі де айтуда: «Ерекше іс жүргізу - бұл азаматтық сот ісін жүргізудің бір түрі, оның талап қою іс жүргізуден басты айырмашылығы - бұл құқық туралы даудың болмауы, сәйкесінше қаралып отырған мәселе бойынша қарама-қарсы көзқарастарға ие дауласушы тараптар жоқ. Ерекше іс жүргізуді талап қоюсыз, бір жақты іс жүргізу деп сипаттауға болады» [3]. Бірақ кейбір соттар шығаратын шешімдерінде басқадай көзқараста болуда. Мысалы, А.В.Демидов, А.М.Козлов, И.К.Норов, Г.Тарабан істерінде «талап», «талапты мойындау», «талапкер» ұғымдары қолданылады⁷.

Сондықтан аталған өзекті мәселелердің барлығына көңіл аударып, талдау жүргізу керек. Ішкі істер органдарының жауапты қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату бойынша іс-шараларды қолға алу керек, соттарға да қолданыстағы заңнама мен сот тәжірибесін жете зерттеу қажет.

Халықтың көші-қоны саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалуы мен әкімшілік жауапкершілікке тартуда да бірқатар өзекті мәселелер бар.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексінің 517 бабы «Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы» бойынша істерді әкімшілік соттарда қарау статистикасының соңғы үш жылдағы мәліметтерді талдау кезінде, келесідей жағдай анықталды.

2019 жылы 88 775 әкімшілік іс қаралды, оның ішінде 43 621 іс бойынша негізгі жаза ретінде «ескерту» (49,1%), 27 270 іс бойынша «әкімшілік айыппұл» (30,7%), 6 097 іс бойынша «әкімшілік қамаққа алу» (6,8%), 11 139 іс бойынша «шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу» (12,5%) әкімшілік жазалары қолданылды. Көрсетілген бап бойынша қаралған істер бойынша өндіріп алынған соманың

мөлшері 611 251 816 теңгені құрады, ол барлық әкімшілік істер бойынша өндірілген жалпы соманың 1,3% құрады.

2020 жылы 13 193 әкімшілік іс қаралды, оның ішінде 6 056 іс бойынша негізгі жаза ретінде «ескерту» (45,9%), 3 769 іс бойынша «әкімшілік айыппұл» (28,5%), 1 155 іс бойынша «әкімшілік қамаққа алу» (8,7%), 1 901 іс бойынша «шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу» (14,4%) әкімшілік жазалары қолданылды. Көрсетілген бап бойынша қаралған істер бойынша өндіріп алынған соманың мөлшері 115 001 920 теңгені құрады, ол барлық әкімшілік істер бойынша өндірілген жалпы соманың 0,2% құрады.

2021 жылы 43 517 әкімшілік іс қаралды, оның ішінде 19 298 іс бойынша негізгі жаза ретінде «ескерту» (44,3%), 15 596 іс бойынша «әкімшілік айыппұл» (35,8%), 3 359 іс бойынша «әкімшілік қамаққа алу» (7,7%), 4 858 іс бойынша «шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу» (11,1%) әкімшілік жазалары қолданылды. Көрсетілген бап бойынша қаралған істер бойынша өндіріп алынған соманың мөлшері 530 537 812 теңгені құрады, ол барлық әкімшілік істер бойынша өндірілген жалпы соманың 0,6% құрады⁸.

Жоғарыда келтірілген тәжірибелік мәліметтерге сәйкес, жылдан жылға қарай істердің саны азайғанымен, өндіріп алынған соманың көп мөлшерде екенін байқауға болады. Бұл жерде құқық бұзушылықтың алдын алу міндеті мемлекеттік бюджетті толықтырудың соңына түсумен алмасып кетпеуі керек.

Ескерту түріндегі әкімшілік жаза жылдан жылға қарай азаю үрдісінде болғанымен, барлық әкімшілік жазалардың жартысына тең. Жалпы, көрсетілген бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны тым көп болғандықтан, ескертулердің әкімшілік жаза ретінде осындай көп көлемде қолданылуы ақталмағанын көрсетеді.

Әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза азаю үрдісінде болғанымен, дәл осы бап бойынша қолданудың тиімділігін сыни көзқараспен қарау керек. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 517 бабының 5 бөлігіндегі әкімшілік қамаққа алу негізді

⁷ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

⁸ Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>. Жүгіну күні: 16.06.2022.

болуы күмәнді. Осы Кодекстің 517 бабының 7 бөлігіндегі әкімшілік қамаққа алу жазасы тиімділігі жайлы сендірерлік дәлел келтіру қиын, оның орнына Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуді негізгі жаза ретінде қалдыру керек.

Оған қоса сот тәжірибесін зерттеу кезінде соттар бабы мен бөлігі ұқсас істерде әртүрлі жаза қолданудың өзекті мәселесі анықталды. Мысалы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 2015 жылғы редакциядағы 517 баптың 2 бөлігі бойынша соттар В.И. Рыбалко ісі бойынша әкімшілік қамаққа алу, Т.Мотоев ісі бойынша әкімшілік айыппұл, А.К.Шоев, И.Г.Нуралиев, А.Ю.Чапанов, С.М.Джалолов істері бойынша Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жаза қолданылды⁹. Бұл кейбір мысалдар ғана. Осындай мысалдарды келтіре беруге болады. Оның үстіне осы әкімшілік жазалардың ішінде де әртүрлі мөлшерлер қолданылуда. Мысалы, әкімшілік қамаққа алу кейбір жағдайда бір тәулік, басқа жағдайда үш тәулік және т.б.

Жалпы, әрбір істің өзіндік мән-жайлары болғанымен, баламалы санкциялардың субъективті фактормен байланысы өзекті мәселе болып табылады. Оған қоса санкцияларды таңдау кезінде сыбайлас жемқорлықтың әсері болуын да жоққа шығаруға болмайды.

Халықтың көші-қоны кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар да болып жатады. Осы ретте қылмыстық заң нормасы мен қолдану тәжірибесінде өзекті мәселелер кездесуде.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 394 бабы «Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» бойынша статистиканың соңғы үш жылдағы көрсеткіштерін талдау кезінде, келесідей жағдай анықталды.

2019 жылы Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген 137 қылмыстық құқық бұзушылықтың 53 құқық бұзушылығы бойынша қылмыстық істер сотқа жіберілді (38,6%), оның ішінде тергеу бойынша - 50, анықтау бойынша - 3. Осы істер бойынша кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасқан істер саны - 12 (22,6%).

2020 жылы Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген 86 қылмыстық құқық бұзушылықтың 29

құқық бұзушылығы бойынша қылмыстық істер сотқа жіберілді (33,7%), оның ішінде тергеу бойынша - 25, анықтау бойынша - 4. Осы істер бойынша кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасқан істер саны - 7 (8,1%).

2021 жылы Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген 116 қылмыстық құқық бұзушылықтың 38 құқық бұзушылығы бойынша қылмыстық істер сотқа жіберілді (32,7%), оның ішінде тергеу бойынша - 31, анықтау бойынша - 7. Осы істер бойынша кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасқан істер саны - 12 (10,3%)¹⁰.

Жоғарыда келтірілген тәжірибелік мәліметтерге сәйкес, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотқа жіберілетін істердің аз болуын байқаймыз. Барлық істердің жартысынан көбі сотқа дейін жетпейді.

Оған қоса сотқа дейін жеткен істердің құрамында кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасқан істердің саны төмен. Сондықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 394 бабы бойынша осы институтты кеңірек қолдану керек. Ол үшін тергеу органдары, прокуратура оны түсіндіру мен ұсыну бойынша белсенді позиция ұстану қажет және қоғам ішінде институттың мазмұны мен артықшылықтары туралы жалпы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Ақпараттық сервисінде орналастырылған мәліметтерден соттармен қаралған қылмыстық істердің нәтижелерін анықтау мүмкін емес. Мысалы, «Әкімшілік құқық бұзушылықтарды уәкілетті органдармен қарау нәтижелері туралы» №1-АД нысанындағы есепте «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің әрбір бабы бойынша әкімшілік жазалардың қолданылған түрлері туралы статистикалық мәліметтер келтірілген. Сондықтан осындай статистиканы қылмыстық істер бойынша да енгізіп, Ақпараттық сервиске орналастыру қажет.

Тағы бір маңызды бір жайт, ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің

⁹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

¹⁰ Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>. Жүгіну күні: 16.06.2022.

394 бабы бойынша соттарда үкім шығару кезінде біркелкі сот тәжірибесінің жоқтығы. Кейбір істер бойынша айыппұл не бас бостандығын шектеу, немесе қылмыстық жауапкершіліктен босату қолданылады. Мысалы, А.В. Кравченко ісі бойынша 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл, Н.М. Оразов, Н.В. Лемешов, В.А. Нестеренко істері бойынша 1 жыл бас бостандығынан шектеу тағайындалды, Н.А. Саминжонов ісінде шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылды¹¹.

Жалпы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 65 бабының барлық шарттарына сәйкес келетін кейбір істерде қолданылып, басқа істерде қолданылмауы тек заңгерлер тарапынан ғана емес, қоғам тарапынан да көптеген сауалдар тудыруда. Бұл жерде заң мен сот алдында барлығының тең құқылығы мәселесі, субъективті факторлар мен сыбайлас жемқорлық мәселесі өзекті болып табылады. Сондықтан осы баптың болу негізділігіне сұрақтар туындауда.

Оған қоса айыппұл мен басқа ауыр жазалардың бір санкцияда болуы, әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселесін тудырады. Мүліктік жағдайы бардың айыппұл төлеп бостандықта жүру мүмкіндігі, жағдайы жоқтың бас бостандығының айырылуы, қоғамда теңсіздік пен биліктің легитимсіздігіне әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 394 бабының санкциясында көрсетілген түзеу жұмыстарына не қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қолданылған істер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинетінде табылмады. Жазаның осы түрлерін қолданбау өзекті мәселе болып табылады және оларды кеңірек қолдану ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинетінде тек 6 іс бойынша ғана үкімдер орналастырылған. Бұл мүлдем аз және құқықтық мәдениетті дамытуда кедергі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинетін барлық қылмыстық істер бойынша тегін, қол жетімді негізде әр жылдар мен өңірлерді қамтитын үкімдердің жеткілікті мөлшерімен қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 394 бабының диспозициясын да жетілдіру қажет. Оның мазмұнында қылмысты жасау жолдарын тізіп жазу сәтсіз жол

болып табылады, өйткені олардың тізімі онымен шектеу мүмкін. Оны заң шығарушы да мойындап «өзге де қызметтер көрсету» деп жалғастыруда.

«Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» бабының диспозициясында қылмысты жасау жолдарын көрсетпеу көзқарасын Ресей, Әзірбайжан, Беларусь, Тәжікстан, Өзбекстан заң шығарушылары ұстанған. Ал қазақстандық заң шығарушы көзқарасына ұқсас ұстанымды Молдова мен Қырғызстан заң шығарушылары ұстанған.

Оған қоса Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 394 бабының мазмұндық тұрғыдан құрылымы сәтсіз болып табылады. «Заңсыз келу, кету, орын ауыстыру үшін» «заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» болмайды, өйткені олардың мазмұны бірдей. Бұл жерде заң шығарушы көші-қонның ұғымына көңіл аудару керек еді. Көші-қон деген сол елді мекендер арасында орын ауыстыру. Олар бір мазмұнды болғандықтан, бір бірі үшін істелмейді.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 394 бабының диспозициясын келесідей жазу қажет: «Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасына заңсыз келуін, Қазақстан Республикасында заңсыз болуын, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы заңсыз транзиттік жол жүруін, Қазақстан Республикасынан заңсыз шығуын ұйымдастыру».

Жалпы, құқық бұзушылықтар кез-келген қоғамда және салада кездесетіндіктен олардың алдын алу мәселесі өте өзекті мәселе.

Болашақта құқық бұзушылықтардың санын азайту үшін қоғамда жағымды моральдық ахуал туғызатын шаралар қажет. Осыған байланысты, әлеуметтік желілердегі үкіметтік емес ұйымдар мен танымал пікір жетекшілері ұсынатын қылмыстың алдын-алу үшін мемлекеттік емес субъектілердің ресурстарын кеңінен қолдану қажет. Әсіресе құқықтық сауатсыздықты және нигилизмді жою, рухани-адамгершілік қағидаларын жетілдіру туралы жарияланымдарды тарату және қаржыландыру қажет.

Халықты иммиграциялық құқық қорғау органдарына тарту маңызды азаматтық қосалқы өнімдерге әкеледі: бұл азаматтар мен азаматтықты «жасайды». Ол құқықтық тәртіпті қолдауда азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелейді, және сонымен бірге ол терең бөлінген қоғамдағы әлеуметтік

¹¹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот кабинеті. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://office.sud.kz/index.xhtml>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

келісімді қалпына келтіруге ниеттенеді [4].

Әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар жазу кезінде ұсынылған шараларды қылмыстылыққа ықпал ету бойынша тиімділігін анықтау үшін ғалым-криминологтарды қатыстыру қажет. Мемлекеттік органдардың жанында құрылған қоғамдық кеңестерге криминологтарды қосу.

Криминологтардың білімдерінің негізгі тұтынушылары саясаткерлер, практиктер және жалпы жұртшылық болуы керек деп есептеледі [5].

Осылайша, ғалымдардың қатысуымен құқық шығармашылық пен құқық қолдануды жетілдірудің маңызы зор. Атап айтсақ, қолданыстағы заңнамадағы заңсыз көші-қонға қатысты нормалар бойынша бірқатар өзекті мәселелер мен ғылыми пікірлер бар.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1 бабында берілген анықтамаға сәйкес «заңсыз көшіп келуші деген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасында болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам»¹².

Бұл анықтаманың «заңсыз көшіп келу» анықтамасымен де логикалық бірлігі жоқ, өйткені онда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қандай заңнаманы бұзатындығы нақты көрсетсе, осы анықтамада жалпылама жазылған.

Оған қоса «заңсыз көшіп келуші» деген ұғымды пайдалану да сәтсіз болып табылады. Жалпы, заңнама, бұқаралық ақпарат құралдары мен мемлекеттік органдармен «заңсыз көшіп-қонушы» ұғымын қолданудан алып тастау керек. «Заңсыз» аталымын адамды емес, іс-әрекетті белгілеу үшін пайдалану керек. Адамның өзі құқық бұзушылық жасағаны үшін «заңсыз» болып кетпейді. Сонымен қатар соттың шешіміне дейін кінәсіздік презумпциясын да есепке алу керек. «Заңсыз көшіп-қонушы» аталымы көшіп-қонушылардың қандай да бір құқықтарын шектейтін кемсітуге әкеп соқтыруы мүмкін. Мысалы, Еуропалық одақтың ішкі істер жөніндегі комиссары «заңсыз көшіп-қонушы» ұғымын Еурокомиссияның құжат айналымынан алып тастау қажеттілігі туралы мәлімдеді¹³.

Шетелдік басқа ғалымдардың пікірімен де келісуге болады: «заңсыз көшіп-қонушы» аталымын көшіп-келу бойынша заңнаманың жанама өнімі» [6], «адам құқық және заң шегінен тыс, заңсыз бола алмайды, осындай анықтама тек құқықтық актілерге ғана қолданылуы мүмкін» [7], «заңсыз көшіп-қонушы» аталымын пайдаланудың өзі заңсыз көші-қонды белгілеудің саяси және адами қисынсыз нысаны болып табылады» [8]. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жедел-алдын алу шарасына «Нелегал-2017»¹⁴ атауын беру қисынсыз болып табылады.

Сонымен, заңда көрсетілген анықтаманың кемшіліктерін ескере отырып, келесі анықтама беруге болады: «заңсыз көшіп келудің субъектісі - келу және болу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті жол жүруді бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген және/немесе Қазақстан Республикасында болатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам».

Заңсыз көшіп келуді болдырмау үшін шетелдіктердің заңсыз жұмыс істеуі үшін санкциялар жиынтығын қарастыру қажет. Заңсыз көшіп келуді субъектілерінің еңбегін мемлекет беруі тиіс рұқсатсыз пайдаланатын жұмыс берушілерге әкімшілік айыппұл ғана салып қоймай, заңсыз көшіп қонушыны тұрақты тұратын еліне шығаруды жұмыс беруші есебінен өндіру қажет.

Шет мемлекеттермен реадмиссия туралы келісімдердің санын көбейту қажет, өйткені осы реадмиссия институты халықаралық көші-қонды реттеуде тиімді институттардың бірі болып табылады. Заңсыз көші-қон субъектілерін елден шығару үлкен заңнамалық және тәжірибелік мәселе болып табылады. Оған қоса көптеген қаржылық және кадрлік шығындарға әкеп соғады. Сондықтан реадмиссия туралы халықаралық келісімдерді жасасу заңсыз көші-қонды құқықтық реттеудегі маңызды басымдықтардың бірі болып табылады.

«Заңсыз еңбектенуге көшіп келушілерді жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылдап, Қазақстан Республикасы-

¹² «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

¹³ Cecilia Malmström. Twitter. Available at: <https://clck.ru/A2bZC> (accessed 16 July 2016).

¹⁴ Операция «Нелегал-2017» в Казахстане касается не только граждан Кыргызстана – МВД. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://informburo.kz/novosti/operaciya-nelegal-2017-v-kazahstane-kasaetsya-ne-tolko-grazhdan-kyrgyzstana-mvd.html>. Жүгіну күні: 03.05.2022.

ның аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын заңсыз еңбектенуге көшіп келушілерді жария ету жөнінде мемлекеттің біржолғы акция өткізуі қажет. Еңбектенуге көшіп келушілердің өздерінің ішкі істер органдарына жүгінуін талап ету қажет және еңбек шартын талап етпеу керек. Тек сонда ғана Қазақстан Республикасының аумағындағы заңсыз еңбектенуге көшіп келушілердің нақты санын білуге болады. Әйтпесе 2006 жылғы тәжірибе басқа нұсқалардың сәтсіз болатынын көрсетті.

Қорытынды

Сонымен, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша азаматтық істерді қарау кезінде соттармен қанағаттандырмаған арыздардың үлесі көбейіп бара жатқаны байқалды. Бұл сот және сотқа қатысушылар үшін уақыт пен басқа да шығын келтіру ыңғайсыздығын тудырады. Сондықтан арыздардың негізді, заңға сәйкес болуына ерекше назар аудару керек.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы бойынша істерді әкімшілік соттарда қарау кезінде әкімшілік жазалардың тиімділігін, заң нормасын жетілдіруді қарастыру қажет. Өйткені кез-келген құқық бұзушылық үшін Қазақстаннан шығарып жіберу жазасы тым ауыр және құқықтың парасаттылық пен әділеттілік қағидаларына сәйкес келмейтіндігін атап өту қажет. Сот тәжірибесі көрсеткендей, полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, соттарға қолданыстағы заңнама мен сот тәжірибесін жете зерттеу қажет.

Оған қоса шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы бойынша істерде айыппұл салу, ескерту, әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазалардың тиімділігі пікірталас тудырады, өйткені осы бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны әлі де көп. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 517 бабының 7 бөлігіндегі әкімшілік қамаққа алу жазасы тиімсіз, мемлекетке тек қосымша шығын тудыруда, оның орнына Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуді негізгі жаза ретінде қалдыру керек.

Баламалы санкциялардың субъективті және сыбайлас жемқорлық факторымен байланысы болуы шешімін күтетін тағы да бір пікірталасты мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру» 394 бабының диспозициясы мен жазаны қолдануды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Бұл ретте Ресей, Әзірбайжан, Беларусь, Тәжікстан, Өзбекстан, Молдова мен Қырғызстанның шетелдік тәжірибелері зерттелді.

Халықтың көші-қоны саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен санын азайту үшін мемлекеттік емес субъектілердің ресурстарын кеңінен қолдану, құқықтық сауатсыздықты жою, мемлекеттік жоспарлау ісінде ұсынылған шаралар қылмыстылыққа ықпал ету бойынша тиімділігін анықтау үшін ғалым-криминологтарды тарту қажеттілігі негізделді.

Заңсыз көші-қонды реттеу бойынша заңсыз көшіп келудің субъектісі ұғымы, заңсыз көшіп келуді болдырмау, реадмиссия, рақымшылық бойынша ұсыныстар келтіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жампеисов Д. Отандастардың (оралмандардың) оралуын құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мен болашағы: салыстырмалы-құқықтық зерттеу: заң ғылым. PhD... дис. - Семей, 2013. - 91 б.
2. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019>. Жүгіну күні: 30.05.2022.
3. Дуйсенова Ж.М. Особенности рассмотрения дел в порядке особого производства. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32987058#pos=18;-50. Жүгіну күні: 30.05.2022.
4. Aliverti A. Enlisting the Public in the Policing of Immigration. / A. Aliverti // The British Journal of Criminology, Volume 55, Issue 2, 1 March 2015, Pages 215–230. DOI <https://doi.org/10.1093/bjc/azu102>

5. Goldson B., Hughes G. *Comparative youth justice research and the policy process.* // *Criminology & Criminal Justice*. Vol 10, Issue 2, pp. 117 – 118. DOI <https://doi.org/10.1177/1748895810364464>
6. De Genova N. (2002) *Migrant «Illegality» and Deportability in Everyday Life.* / N. De Genova. - 31 *Annual Rev. of Anthropology*. P 419–447. DOI <https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.31.040402.085432>
7. Kraler A. (2009): *Regularisation: A misguided option or part and parcel of a comprehensive policy response to irregular migration?* / A. Kraler. - IMISCOE. P. 2. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.researchgate.net/publication/259800556_Regularisation_A_misguided_option_or_part_and_parcel_of_a_comprehensive_policy_response_to_irregular_migration. Жүзін күні: 30.05.2022.
8. Baldwin-Edwards, Martin (2008) *Towards a Theory of Illegal Migration: Historical and Structural Components.* / Baldwin-Edwards, Martin. - 29 *Third World Quarters*. 1449–1459. DOI <https://doi.org/10.1080/01436590802386690>

REFERENCES

1. Jampeisov D. *Otandactapdyń (opalmandapdyń) opalyyn quqyqtyq petteydiń ózekti mácelelepi men bolashaǵy: calyctypmaly-quqyqtyq zepttey: zań ǵylym.* PhD... dis. - Semei, 2013 91 b.
2. «Syndarly qoǵamdyq dialog - Qazaqstannyń turaqtylyǵy men órkendeýiniń negizi» Memleket Basshysynyń 2019 jylǵy 2 qyrkúektegi Qazaqstan halqyna Joldaýy. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019>. Júginý kúni: 30.05.2022.
3. Dujsenova Zh.M. *Osobennosti rassmotreniya del v porjadke osobogo proizvodstva.* Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32987058#pos=18;-50. Júginý kúni: 30.05.2022.
4. Aliverti A. *Enlisting the Public in the Policing of Immigration.* / A. Aliverti // *The British Journal of Criminology*, Volume 55, Issue 2, 1 March 2015, Pages 215–230. DOI <https://doi.org/10.1093/bjc/azu102>
5. Goldson B., Hughes G. *Comparative youth justice research and the policy process.* // *Criminology & Criminal Justice*. Vol 10, Issue 2, pp. 117 – 118. DOI <https://doi.org/10.1177/1748895810364464>
6. De Genova N. (2002) *Migrant «Illegality» and Deportability in Everyday Life.* / N. De Genova. - 31 *Annual Rev. of Anthropology*. P 419–447. DOI <https://doi.org/10.1146/annurev.anthro.31.040402.085432>
7. Kraler A. (2009): *Regularisation: A misguided option or part and parcel of a comprehensive policy response to irregular migration?* / A. Kraler. - IMISCOE. P. 2. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://www.researchgate.net/publication/259800556_Regularisation_A_misguided_option_or_part_and_parcel_of_a_comprehensive_policy_response_to_irregular_migration. Júginý kúni: 30.05.2022.
8. Baldwin-Edwards, Martin (2008) *Towards a Theory of Illegal Migration: Historical and Structural Components.* / Baldwin-Edwards, Martin. - 29 *Third World Quarters*. 1449–1459. DOI <https://doi.org/10.1080/01436590802386690>